

**Білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну бойынша
қойылатын талаптар және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін
ұйымдастыру қағидалары**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну жөніндегі Талаптар және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, сондай-ақ балаларға арналған қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптар қашықтан оқытуды және оқу-тәрбие процесін қашықтан форматта ұйымдастыру үшін жағдай жасауды айқындайды.

3. Қашықтан оқыту бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидалары бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді, сондай-ақ балаларға қосымша білім беруді ұсыну тәртібін қамтамасыз етеді.

4. Қашықтан оқыту Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдары үшін қолданылады.

5. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда қашықтан оқыту барлық білім алушылар үшін міндетті түрде ұйымдастырылады.

Ауа райының қолайсыз метеорологиялық жағдайларына байланысты қашықтан оқыту облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органының бұйрығы негізінде ұйымдастырылады.

6. Білім беру ұйымдары қашықтан оқытуды қамтамасыз етеді:

1) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;

2) білім алушыларға, шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларына беріледі;

3) халықаралық, республикалық, оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушыларға;

4) шағын жинақты мектептердің білім алушыларына пәндер бойынша педагогтердің бос жұмыс орындары болған кезде.

5) білім алушылардың жекелеген санаттарына ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің өтініші бойынша педагогикалық кеңестің және қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша;

6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі–ТЖКОБ) барлық білім алушыларға;

7) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі– ЖЖОКБҰ) барлық білім алушыларға беріледі.

7. Осы білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарда және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қашықтан оқыту – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, қашықтан білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесу жолы;

2) шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті аз, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп;

3) синхронды оқыту форматы – ақпараттыжурналировк жүйелердің (бұдан әрі–АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру процесіне қатысушылардың нақты уақытта тікелей байланысын (стриминг) болжайтын қашықтан оқыту;

4) асинхронды оқыту форматы – білім беру процесіне қатысушылардың, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен басқа да байланыс құралдары мен педагогтердің кері байланысы арқылы өзара әрекеттесуін қамтитын қашықтан оқыту.

5) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

6) білім беру порталы – қашықтан оқыту бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық оқу-әдістемелік ақпараты бар, ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің желілік-ұйымдастырушылық өзара байланысқан жиынтығы;

7) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

8) онлайн-прокторинг – білім алушыны іс-әрекетін бақылау технологиясы

және тұлғаны верификациялау және онлайн-режимде бақылаудың әртүрлі түрлерінен өту нәтижелерін растау процесі;

9) онлайн-курс – нақты уақыт режимінде интернет арқылы білім, дағдылар мен құзыреттер алуға мүмкіндік беретін оқу бағдарламасы;

10) жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы;

11) цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі – ЦБР) – бұл интербелсенді түрде оқытуды қамтамасыз ететін, оқу пәні және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайылық пен интерактивті модельдеу нысандары, дыбыстық жазбалар мен өзге де цифрлық оқу материалдары;

12) ересектерге формальды емес білім беру – оқыту мерзімі және нысаны ескерілмей білім беру қызметтерін көрсететін білім беру ұйымдары жүзеге асыратын білім беру түрі және ол оқыту нәтижелерін растайтын құжат берумен бірге жүргізіледі;

13) білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі – веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, кредиттік оқыту технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру ортасы;

14) білім алушының цифрлық ізі – бұл LMS (оқытуды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда тіркелген білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы;

15) деректерді сақтау жүйесі (бұдан әрі – ДСЖ) – бұл ақпараттық ресурстарды сенімді сақтауды ұйымдастыру және оларға кепілдік берілген қолжетімділікті ұсыну бойынша кешенді бағдарламалық-аппараттық шешім;

16) цифрлық құзыреттілік-өмірдің барлық салаларында цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын сипаттайтын пәндік құзыреттілік.

2 тарау. Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар

8. Қашықтан оқытуға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Орта білім беру ұйымдарында қашықтан оқыту ата-анасының немесе заңды өкілдерінің өтініші негізінде педагогикалық кеңестің шешімі бойынша ұсынылады.

9. Қашықтан оқытуды ұсыну үшін бастауыш, негізгі, жалпы орта және қосымша білімнің оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына мынадай талаптар белгіленеді:

1) білім алушылар үшін оқу–әдістемелік және ұйымдық-әкімшілік ақпаратты қамтитын парақтары бар ақпараттық жүйенің (білім беру порталының), электрондық ресурстардың, бейнесабақтардың, интернеттің болуы;

2) ақпараттық ресурстарға, цифрлық ресурстарға жедел қол жеткізу құралдарының болуы;

3) оқу қызметінің барлық түрлері және білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл үшін Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық арналардың болуы;

4) «Білім беру ұйымдарында пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ең аз талаптарды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 79 бекітілген бұйрығына сәйкес талаптарды сақтау .

5) қашықтан оқытуды және цифрлық құзыреттілікті оқыту әдістемесі бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру сертификаттарының болуы;

10. Қашықтан оқыту кезінде, орта білім беру ұйымдары, ТЖКОБ ұйымдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесіне және олардың нысанына сәйкес білім беру процесінің нәтижелерін және ішкі құжат айналымын есепке алуды жүргізеді және сақтауды жүзеге асырады.

11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну үшін мынадай талаптар белгіленеді:

1) педагогика ғылымдары, құқық, хореография, аспаптық орындаушылық, авиациялық техника және технологиялар, құрылыс, теңіз техникасы және технологиялар, денсаулық сақтау, әскери іс, ветеринария саласындағы бакалаврларды даярлау үшін- оқу кезінде оқытудың барлық кезеңінде жалпы академиялық кредит көлемінің 20%-дан аспайтын көлемі көзделеді;

2) осы Қағидалардың 11-тармағының 1) тармақшасында көрсетілмеген қалған бағыттар бойынша бакалаврларды даярлау үшін- оқу кезінде оқытудың барлық кезеңінде жалпы академиялық кредит көлемінің 50%-дан аспайтын көлемі көзделеді;

3) академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білім алатын бакалаврлар мен магистрлерді даярлау үшін - оқу кезінде оқытудың барлық кезеңінде жалпы академиялық кредит көлемінің 20%-дан аспайтын көлемі көзделеді;

4) екі дипломды бағдарламалар және білім алушылар алмасу бағдарламалары бойынша білім алатын бакалаврлар мен магистрлерді даярлау

үшін- оқу кезінде оқытудың барлық кезеңінде жалпы академиялық кредит көлемінің 50%-дан аспайтын көлемі көзделеді;

5) ЖЖОКБҰ-дың академиялық саясатында қашықтықтан оқыту жағдайында білім беру қызметін жоспарлау және басқару жөніндегі нормативтік актілердің болуы;

6) қашықтан оқытуды үздіксіз ұйымдастыру үшін ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымның болуы: тұрақты желілік қосылыстың, серверлік жабдықтың, ДСЖ және киберқауіпсіздік жүйелерінің, Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін коммуникациялық байланыс арналарының, білім алушылар мен тыңдаушылардың жеке басын идентификациялау үшін аутентификация жүйелерінің, онлайн прокторингтің және көшірулерді анықтау жүйесінің болуы;

7) білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, оның ішінде оқытуды басқару платформасының жұмыс істеуі;

8) ISO/IEC 27001, ISO/IEC 27002 халықаралық стандарттарына сәйкес білім беру ұйымының әзірленген қауіпсіздік саясаты негізінде жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін және деректерді қорғауды қамтамасыз ету;

9) оқу процесін ЦБР қамтамасыз ету;

10) білім алушылардың оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдарды орналастыра отырып, білім беру порталы мен ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ тестілеу жүйесі мен ашық электрондық ресурстарға, көздерге қол жеткізуін қамтамасыз ету;

11) білім беру қызметтерін ұсыну бойынша цифрлық сервистердің болуын қамтамасыз ету: оқу сабақтары мен емтихандардың электрондық кестесі; электрондық кітапхана; электрондық құжат айналымы, жатақханада онлайн-тіркелу; онлайн-офис регистратор, онлайн-деканат, онлайн-ректорат;

12) қашықтан оқытуды және цифрлық құзыреттерді оқыту әдістемесі бойынша профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру сертификаттарының болуы;

13) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қашықтан оқыту жағдайларын қамтамасыз ету;

14) академиялық адалдық қағидаларын сақтау.

12. Осы Талаптардың 11-тармағының 2), 4) тармақшасында көрсетілген білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқу процесін ұсыну үшін мынадай талаптар қойылады:

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бейімделген білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, оның ішінде оның толық функционалдық мүмкіндіктері бар мобильді нұсқасының болуы (электрондық кестеге, пошта сервисіне, электрондық коммуникациялық ресурстарға қолжетімділік; оқытушылар мен студенттің іс-әрекетін бақылау, білім алушыны пәндерге тіркеу; оқу жетістіктерін бағалау; вебинар өткізу және оған қатысу; бейне контенттің жазылуын қарау; жалпы топтық чаттың болуы; әдістемелік материалды жүктеу және түсіру; кітапхананың электрондық деректер қорына,

оның ішінде халықаралық деректер қорына сілтемелердің болуы; білім алушының цифрлық ізін қадағалау; операциялардың хронологиялық тәртібінде автоматты түрде жүргізу; білім алушының академиялық қатысуын мониторингтеу; студенттердің өтініштерін өңдеу жүйесі);

2) онлайн-курстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету (курстың құрылымдалған дизайны, оқытудың қалыптастырылатын нәтижелерінің картасы, бағалау жүйесінің ерекшелігі, бағалау көрсеткіштері мен өлшемшарттарының сипаттамасы, бағалауды синхрондау, цифрлық контент түрлерінің және бақылау іс-шараларының түрлерінің әртүрлілігі, тапсырмалардың кешенді сипаты); контенттің техникалық және жалпы параметрлері (ЖАОК контентін әзірлеуге қойылатын талаптарға сәйкес бейнематериалдар, контентті әртүрлі платформаларда пайдалану мүмкіндігі, лицензиялық тазалық, шектеулі қозғалмалы халықтың тобы үшін қолжетімділік, сыртқы ресурстарды пайдалану мүмкіндігі);

3) білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің интерфейсімен біріктірілген және күдікті бағалаудың тиісті деңгейіне ие онлайн-прокторлаудың жұмыс істеуі (күдік пен индикаторлар деңгейін орнату, күдік деңгейін автоматты түрде анықтау, барлық күдікті оқиғаларды тіркеу) және жасанды интеллект алгоритмдері (тұлғаны тану және сәйкестендіру, зейінді талдау, көзқарас бағытын талдау, бас пен дене қимылын талдау, шу деңгейін анықтау, мульти-жүзді анықтау, оқушыны кескінмен алмастыруды анықтау, бөгде заттарды қолдануды анықтау, бөлмені 360 режимінде жазуды сұрау, бейне ағынының нашарлауын анықтау);

4) әдістемелік дайындық саласындағы құзыреттілік (жобалық оқытудың инновациялық әдістемелерін меңгеру, оқытуды геймификациялау, төңкерілген оқыту, аралас оқыту және т. б.; өз қызметінің нәтижелерін талдау және жақсарту; студенттің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру дағдыларын меңгеру) және цифрлық құзыреттілікті (өз онлайн курстарының әзірлеу қабілеті; нақты уақытта бейне байланысты қолдайтын платформаларды пайдалана білу; білім беру ортасын басқару жүйелерін пайдалана білу және т.б.) көрсететін сертификаттардың негізінде, оның ішінде халықаралық сертификаттар, профессор-оқытушылар құрамына қойылатын біліктілік талаптарын анықтау;

5) ЖАОК барлық оқу кезеңі бойынша академиялық кредиттердің жалпы көлемінің 10% - ынан аспайтын мөлшерде, виртуалды зертханалармен, симуляторлармен, білім алушыларға кәсіби құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік беретін тренажерлармен қамтамасыз ету;

6) ішкі сапа кепілдігі жүйесіне сәйкес білім беру қызметінің сапасын бақылау жүйесінің болуы.

13. Осы Қағидалардың 11-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларда көрсетілген шектеулер осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларға қолданылмайды.

3-тарау. Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

14. Қашықтан оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, «Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7409 болып тіркелген) үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары, қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары негізінде іске асырылады.

15. Қашықтан оқыту білім беру процесіне қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, өзара іс-әрекеті кезінде іске асырылады.

16. Қашықтан оқыту кезінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

17. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білім беруді, білім беруді іске асыратын білім беру ұйымы қашықтан оқытуды техникалық жарақтандыру және кадрлармен қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасайды.

18. Осы білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну бойынша қойылатын талаптардың және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидаларының 5-тармағында көрсетілген жағдайларда қашықтан оқытуға толық ауысқан кезде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік және орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы білім алушылардың білім беру порталына немесе білім берудің

ақпараттық жүйесіне (білім беру порталына), электрондық сабақ кестесіне, электрондық журналға, электрондық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

19. Білім алушыларды, шетелде уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларын қашықтан оқытуға ауыстыру білім алушының, білім алушының ата-анасының/заңды өкілінің білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда жазылған өтініші және кету себебін көрсете отырып, шетелге шығуды растайтын құжат немесе білім алушының оқу жылы басталар алдында немесе кету кезінде көрсетілген мерзімдерде оқуға кетуін растайтын құжат негізінде жүзеге асырылады.

Орта білім беру ұйымдары педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жекелеген пәндерді зерделеуді және бөлім үшін жиынтық бағалауды (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсан үшін жиынтық бағалауды (бұдан әрі – ТЖБ) қашықтан оқытуға асинхронды түрде тапсыруды шығара алады.

20. Халықаралық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысушыларды қашықтан оқытуға ауыстыру білім алушының, білім алушының ата-анасының/заңды өкілінің білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда жазылған өтініші және қатысу мерзімдерін көрсетумен білім алушының халықаралық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысқанын растайтын уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығы (хаты) негізінде жүзеге асырылады.

Қашықтан оқыту оқу материалдарын өз бетінше игеруді көздейді.

Халықаралық оқу-жаттығу жиындары, спорттық жарыстар, зияткерлік және шығармашылық конкурстар, фестивальдар аяқталғаннан кейін орта білім беру ұйымының білім алушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) жеке кесте бойынша БЖБ мен ТЖБ-ны тапсырады.

Халықаралық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысатын ТжКОБ, ЖЖОКБҰ ұйымдарының білім алушылары үшін оқу сабақтары оқытудың асинхронды форматы арқылы ұйымдастырылады. Бұл ретте оқу материалдарын өз бетінше игеру, оның ішінде аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру мүмкіндігі көзделеді.

21. Дәрігерлік-консультациялық комиссияның денсаулық жағдайы жөнінде қорытындысы бар білім алушыны қашықтан оқытуға ауыстыру дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Қашықтан оқыту кезеңі/мерзімі дәрігерлік-консультациялық

комиссия қорытындысының медициналық көрсеткіштері негізінде айқындалады.

Осы санаттағы балалардың ата-аналарының өтініші бойынша үйде оқыту немесе қашықтан оқыту ұсынылуы мүмкін, бұл педагогтің кеңесі мен материалдарды өз бетінше оқуды қамтиды.

Денсаулық мүмкіндіктері уақытша шектелген және ТЖКОБ, ЖЖОКБҰ ұйымдарына тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ ТЖКОБ, ЖЖОКБҰ ұйымдарының білім алушылары үшін оқу сабақтары оқытудың асинхронды форматы және оқу материалдарын өз бетінше игеру негізінде ұйымдастырылады.

22. Шағын жинақталған мектепте білім алушыны қашықтан оқыту ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, жекелеген оқу пәндері бойынша педагогтер болмаған кезеңде оларды тірек мектептерге (ресурстық орталықтарға) бекіте отырып жүзеге асырылады.

23. Білім алушылардың жекелеген санаттарын қашықтан оқыту білім алушылардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің өтініші негізінде, педагогикалық кеңестің және қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Осы санатқа арналған оқу сабақтарын ата-аналар немесе заңды өкілдер оқытудың асинхронды форматы және кейіннен БЖБ және ТЖБ тапсыра отырып, оқу материалдарын өз бетінше игеру арқылы дербес ұйымдастырады.

24. Оқыту нысанына қарамастан қашықтан оқыту үшін рұқсат етілетін пәндер және (немесе) модульдер сағаттарының/кредиттерінің тізбесі мен көлемін ТЖКОБ, ЖЖОКБҰ ұйымы дербес анықтайды және басшының бұйрығымен бекітеді.

25. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қазанда № 17564 болып тіркелді) күндізгі оқу нысаны кезінде өндірістік оқытуды ұйымдастыруға және мамандықтар мен біліктіліктер бойынша кәсіптік практикаға көзделген академиялық сағаттарды/кредиттерді қоспағанда, жұмыс оқу жоспарына сәйкес бүкіл оқу кезеңі үшін академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен пәндердің және (немесе) модульдердің 20%-ынан аспайтын көлемде қашықтан оқытуды пайдалануға рұқсат беріледі.

26. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай және кешкі оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін бекіту туралы» 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 5 наурызда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

6111 болып енгізілді) (бұдан әрі – № 40 бұйрық) сырттай оқу нысаны кезінде мамандықтар мен біліктіліктер бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес барлық оқу кезеңінде академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен 70%-дан аспайтын көлемде қашықтан оқытуды пайдалануға рұқсат беріледі.

27. Кешкі оқыту нысаны кезінде № 40 бұйрыққа сәйкес мамандықтар мен біліктіліктер бойынша өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы ұйымдастыруға көзделген академиялық сағаттарды/кредиттерді қоспағанда, оқу жұмыс жоспарына сәйкес бүкіл оқу кезеңі үшін академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен пәндердің және (немесе) модульдердің 30%-ынан аспайтын көлемде қашықтан оқытуды пайдалануға рұқсат беріледі.

28. Экстернат нысанында оқыту кезінде № 40 бұйрыққа сәйкес мамандықтар мен біліктіліктер бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес барлық оқу кезеңі үшін академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен пәндердің және (немесе) модульдердің 30%-ынан аспайтын көлемде қашықтан оқытуды пайдалануға рұқсат беріледі.

29. Бұл ретте осы Қағидалардың 24, 25, 26 және 27-тармақтарында көрсетілген шектеулер осы Қағидалардың 6-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларға қолданылмайды.

30. ЖЖОКБҰ осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 мамырда № 6976 тіркелді) қағидаларда айқындалған тәртіппен жеке оқу жоспарын және білім беру бағдарламасын меңгерудің жеке кестесін қамтамасыз етеді.

31. Білім алушының білім беру бағдарламасын игеру бойынша оқу тәртібін сақтауы, сондай-ақ оқу процесіне қатысуы, сабаққа қатысу мониторингі оның цифрлық ізін қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

32. ЖЖОКБҰ онлайн-курстардың құрылымы мен мазмұнын өз бетінше анықтайды.

33. ЖЖОКБҰ қашықтан оқытудың оқу процесін ұйымдастыру үшін оқу процесін ұйымдастыруды, бақылауды жүзеге асыратын цифрлық офицерлерді және қашықтан оқытуға консультациялық және өзге де қолдау көрсететін цифрлық еріктілерді тартады.

34. Қашықтан оқыту кезінде қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндері мен оқу жұмысының түрлерінің еңбек сыйымдылығы сақталады.

35. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында қашықтан оқытуға көшу кезінде онлайн форматта жүзеге асырылуы мүмкін емес кәсіптік практика,

зерттеу және эксперименттік жұмыс, зертханалық және студиялық сабақтар келесі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

36. Білім беру саласындағы халықаралық шарттар (келісімдер) шеңберінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қашықтан оқытуды қолдана отырып оқытуды ұйымдастыру және оған рұқсат беру тәртібін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

37. Халықтың ауруларының алдын алу мен емдеуді қамтитын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар білім алушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қашықтан оқытуды қолдана отырып және екі дипломды және (немесе) бірлескен бағдарламаларды іске асыру кезінде академиялық кредиттердің көбірек көлемін зерделеуге жол беріледі.

38. Білім алушылар ересектерге бейресми білім беру арқылы ЖЖОКБҰ-мен келісім бойынша білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін, оның ішінде ЖАОК-ны меңгереді, олардың оқыту нәтижелері ЖЖОКБҰ-мен белгіленген тәртіппен дербес танылады, барлық оқу кезеңінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің 20%-ынан аспайды.

Результаты согласования

16.04.2021 14:14:25: Тойбаев А. Ж. (Департамент высшего и послевузовского образования) - - согласовано без замечаний

16.04.2021 14:35:09: Абилмажинова И. Д. (Управление содержания и интернационализации высшего образования) - - согласовано без замечаний

16.04.2021 15:35:20: Нарбекова Б. М. (Департамент высшего и послевузовского образования) - - согласовано без замечаний